

"Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 185 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 26 қарашадағы № 18-02/599 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 26 желтоқсанда № 8226 тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 185 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6196 тіркелген, 2010 жылғы 25 мамырдағы № 201-202 (26048) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесінде:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 27-бабы 2-тармағының 16) тармақшасына сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алуды жүзеге асыру кезіндегі жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметіне, балық шаруашылығы су айдынындағы және (немесе) учаскесіндегі берілген жолдамалар санына және кәсіпшілік жағдайына есеп жүргізу, мониторингті және бақылауды жүзеге асыру мақсатында әзірленді.»;

2-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«берілген жолдамалар туралы мәліметтер осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аумақтық балық шаруашылығы инспекциясының құрылымдық бөлімшелеріне ұсынылады.».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми

